



КАЗАХСТАНСКО-
РОССИЙСКИЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

Астана және Алматы қалаларында өткен қысқы Олимпиада ойындары, 7-ші Азия ойындарындағы қазақстандық спортшылардың жетістігі.



Орындаған: Байбатыр. Г
Тексерген: Хамытхожаева. Д

- **2011** жылы қаңтар-ақпан айларында Астана мен Алматы қалалары Азия құрлығы өміріндегі спорт саласының қайнаған орталығына айналды.
Қазақстанда тұңғыш рет VII Қысқы Азиада ойындары болып өтті.
- Азиада ойындарының өткізілуі ең алдымен Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси ерік-жігерінің арқасында мүмкін болды. Әлемдік қаржы дағдарысының салдарларына қарамастан, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Азиада ойындары үшін арнайы республиканың негізгі екі қаласында бірегей спорт кешендері салынды. Бой көтерген ол имараттар бүгінде елдің спорт инфрақұрылымының маңызды элементтері бола отырып, азаматтарды саламатты өмір салтына кеңінен тарту ісіне қызмет етуде.



Astana - Almaty
7TH ASIAN WINTER GAME
2011

- Сонымен, Астанада AD Sportwereld голландиялық басылымының нұсқасы бойынша ғаламшардағы коньки тебу стадиондары рейтингінде бірінші орынды иеленген **«Алау»** жаңа мұзайдын сарайы салынды. Көптеген халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша, шорт-трек және мәнерлеп сырғанаудан жарыстар өткізілген **«Сарыарқа»** республикалық велотрегі де – әлемдегі ең **үздік велотректің бірі**.
- Азиаданың қарсаңында Алматыда К-125, К-95 халықаралық шаңғымен тұғырдан секіру кешені салынды. Халықаралық шаңғы спорты қауымдастығы өткізетін жылдық сауалнаманың нәтижесі бойынша, Қазақстанның жаңа кешені 2010 жылдың ең үздік трамплині аталды. Сонымен қатар, Алматыдағы тау биігінде орналасқан **«Медеу»** спорттық кешені, **«Шымбұлақ»** тау шаңғысы базасы және ойындардың жабылу рәсімі өткен Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы қайта жасақталды. Шаңғы жарысын, шаңғыға лайықталған биатлонды өткізу үшін Алматы облысында **Шаңғы-биатлон стадионы** салынды.

- Азиаданың ашылуы «Астана Арена» атты жаңа стадионда болып өтті. Салтанатты рәсімге елдің басшылығы, Халықаралық Олимпиадалық комитеттің және Азия Олимпиадалық кеңесінің президенттері, өзге де құрметті қонақтар қатысты.
- **VII Қысқы Азиада** ойындарына әлемнің **27 елінен** мыңнан астам спортшы қатысты. Жарыстардың бағдарламасына **II спорт түрі енгізілді**: коньки тебу спорты, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, допты хоккей (бенди), шаңғы жарысы, биатлон, тұғырдан шаңғымен секіру, тау шаңғысы, фристайл, шорт-трек, шаңғыға лайықталған қысқы спорттық сайыс. Барлығы 69 медаль жиынтығы сарапқа салынып, **бұл қысқы Азиада тарихындағы рекордтық көрсеткіш болды.**

- **Қазақстан** осы ойындарда қысқы Азиадада алтын медаль саны бойынша **рекорд жаңартып**, 32 алтын медаль иеленді және жалпыкомандалық есепте айқын басымдылықпен **бірінші орынды** жеңіп алды. Біздің құрамамыздың қоржынында 70 награда болса, оның 21-і күміс және 17-сі қола медальдар.
- Екінші орынды 13 алтын, 24 күміс және 17 қола медаль алып, Жапония иеленді.
- Үшінші орынға 13 алтын, 12 күміс және 13 қола медаль алған Оңтүстік Корея ие болды.
- Төртінші орынды 11 алтын, 10 күміс және 14 қола медальмен Қытай алды.
- Айтқандай, бұрынғы рекорд – 29 алтын медаль Жапония құрамасына тиесілі болған еді, оған 1986 жылы Саппородағы бірінші қысқы Азиада ойындарында қол жеткізілген.

- Еліміздің көптеген атақты атлеттері қысқы Азиаданың жұлдыздарына айналды. Қазақстан спортшылары арасынан екі алтын, бір күміс медальды жеңіп алған **биатлоншы Елена Хрусталеваны**, фристайл бойынша екі алтынға қол жеткізген **Юлия Галышеваны**, ерлер арасында дара мәнерлеп сырғанаудан алтын алған **Денис Тенді** атап өтуге болады. Қазақстанның шайбалы хоккей бойынша ерлер және әйелдер командасы алтын медаль алып, өз жанкүйерлерін қуантты.
- Ирби барысы Азиаданың символына айналды. VII Қысқы Азиада ойындарының ұраны: «Мақсаты бірдің – рухы бар!» – «Единство целей – единство духа!» – «Unity of purpose – unity of spirit!». Бұл ұран Азиаданың спорттық рухының ортақтығын, халықтар мен елдердің достығын және топтаса отырып жетістікке жетудегі бір мақсатты білдіреді.



Елена Хрусталева



Юлия Гальшева

**Фристайл
бойынша екі
алтынға қол
жеткізген Юлия
Гальшева**



Денис Тен

**2011 жылдың
ақпанында
Қазақстанда өткен
VII қысқы Азия
ойындарында
Денис Тен алтын
жүлдені алды.**

- Азиада ойындарының жабылу рәсімі Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өтті.
- Жарыстың барысын шетелдік 2 мыңнан астам журналист, ғаламшардың 500 миллионнан астам тұрғыны тамашалады.
- Жалпы алғанда, VII Қысқы Азиада ойындары елде спорт іс-шараларының ұйымдастырылуының жоғары деңгейде өткенінің, Қазақстанның қонақжай ел, бейбітшілік пен келісім мекені және азиялық және әлемдік спортта жетекші орталықтардың бірі ретінде халықаралық аренадағы беделінің арта түскенінің тағы бір дәлелі болды.



7-Қысқы Азиялық ойындардың қорытындысы



БАРЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН	32	21	17	70
ЖАПОНИЯ	13	24	17	54
ОҢТҮСТІК КОРЕЯ	13	12	13	38
ҚЫТАЙ	11	10	14	35
МОҢҒОЛИЯ	0	1	4	5
ИРАН	0	1	2	3
ҚЫРҒЫЗСТАН	0	0	1	1
КХДР	0	0	1	1



*Назарларыңызға
рахмет!!!*

